

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

**Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы
кафедрасы**

РР4307-Кәсіпкерлік құқық

**«6В04205 –Құқықтану» мамандықтары білім
беру бағдарламасы**

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

АЛМАТЫ, 2023

«БВ04205 –Құқықтану» мамандықтары білім беру бағдарламасы бойынша білім беру бағдарламасыоқу жоспарының негізінде жасалынды

Құрастырған - аға оқытушы, з.ғ.к. Ермухаметова С.Р.

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

«22»06 2023 ж. №39 Хаттама

Кафедра меңгерушісі,
з.ғ.д., профессор

Тыныбеков С.Т.

Кіріспе

6B04205 – «Құқықтану» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан- қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент бұйрығымен қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі. Кәсіпкерлік құқық пәнінен емтихан жазбаша тапсыру арқылы қабылданады. Емтихан сұрақтары Нұсқаулықпен бекітілген үлгідегі үш деңгейдегі осы оқу жоспарындағы тақырыптармен қамтылған бір билетте 3 сұрақ.

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

1. Пән бойынша қорытынды бақылау - жазбаша түрінде өткізіледі. Емтихан қабылдау барысы – оқытушының қадағалауымен бақыланады.

2. **Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

3. Аттестациялық ведомостьқа қорытында баға емтихан аяқталғаннан кейін пән оқытушысымен түседі:

• 48 сағат ішінде бекітілуге жатады.

4. Жазбаша емтихан-3 сұраққа жауап.

5. Емтихан сұрақтары- автоматты түрде генерацияланады

7. жауаптар пән оқытушысымен бағаланады.

8. Студент емтиханға кіруге 30 минут бұрын дайындалуы керек.

9. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді Универ жүйесіндегі сілтемелер арқылы қарай алады

Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:
$$\frac{PK1+MT+PK2}{3} \cdot 0,6 + ИК \cdot 0,4.$$
 Мұнда АБ – аралық бақылау; МТ – аралық емтихан (мидтерм); ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Кәсіпкерлік құқық - 5 кредит.

Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар

1 Тақырып. Кәсіпкерлік құқығына кіріспе.

1. Кәсіпкерлік құқықтың қалыптасу және даму тарихы.
2. Отандық кәсіпкерлік құқықтың бастапқы қалыптасу тұғырлары.
3. Сауда және коммерциялық құқық. Континентальды Европа мемлекеттері мен англосаксондық құқықтық жүйе елдеріндегі сауда және азаматтық құқық дуализмі.
4. Жеке құқық жүйесі.

5. Шаруашылық құқықтың басты теориялары (мектептері). Екі секторлы құқық теориясы (П.И. Стучка). Біртұтас шаруашылық құқық мектебі (Л.Я. Гинцбург, Е.Б. Пашуканис). Шаруашылық құқықтың моноистикалық концепциясы (В.В. Лаптев, В.К. Макутов).

6. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың бүгінгі таңдағы концепциясы. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың мазмұнын айқындаудағы негізгі тәсілдер.

2 тақырып. Кәсіпкерлік құқық – құқықтың кешенді саласы ретінде

1. Құқық жүйесіндегі кәсіпкерлік құқықтың орны.
- 2 Кәсіпкерлік құқықтың реттеу пәні.
- 3 Кәсіпкерлік құқықтың реттеу әдістері.
- 4 Кәсіпкерлік құқықтың басты қағидалары және олардың сипаттамалары.
- 5 Кәсіпкерлік құқықтың жүйесі. Кәсіпкерлік құқықтың басқа салалардан ерекшелігі.

3 тақырып. Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің негіздері.

1. Кәсіпкерлік қызмет туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының туындау және даму тарихы.
2. Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік заңнамасының ұғымы мен жүйесі.
3. Кәсіпкерлік қызметтің басты тұғырларын бекітетін арнайы нормативтік құқықтық актілер.
4. Шағын кәсіпкерлік және оны қолдау туралы ҚР заңнамасы.
5. Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі ҚР заңнамасы.
6. Отандық тауар өндірушілерді қолдауға арналған заңнама.
7. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер.
8. Отандық кәсіпкерлік заңнама жүйесіндегі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары.

4 тақырып. Кәсіпкерлік қызмет: түрлері және нысаны.

1. Кәсіпкерлік қызмет ұғымы. Кәсіпкерлік қызмет белгілері.
2. «Кәсіпкерлік қызмет», «экономикалық қызмет», «шаруашылық қызмет», «коммерциялық қызмет» ұғымдарының ара қатынасы.
3. Кәсіпкерлік қызмет түрлері. Кәсіпкерліктің түрлері.
4. Мемлекеттік кәсіпкерлік нысандары.
5. Жеке кәсіпкерлік түрлері.
6. Бірлескен кәсіпкерлік нысандары.
7. Жеке кәсіпкерлік түрлері мен нысандары.

8. Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерліктің дамуын мемлекеттік қолдау.

5 тақырып. Кәсіпкерлік қызмет субъектілері.

1. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің ұғымы. Жеке тұлға кәсіпкерлік құқық субъектісі ретінде. Заңды тұлғалар кәсіпкерлік құқықтық қарым-қатынастардың субъектісі ретінде.
2. Жеке кәсіпкерлік субъектілері. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтық мәртебесіндегі ерекшеліктер. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен міндеттері.
3. Шағын кәсіпкерлік субъектілері.
4. Орта кәсіпкерлік субъектілері.
5. Ірі кәсіпкерлік субъектілері.

6 тақырып. Кәсіпкерлік қызмет субъектілері.

1. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің ұғымы мен құру тәсілдері. Құрудың негізгі кезеңдері мен тәртібі.
2. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерін мемлекеттік тіркеу. Лицензиялау.
3. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің қайта құрылуы.
4. Субъектілердің дәрменсіздігі (банкроттықта) кезіндегі таратудың ерекшеліктері.
5. Дәрменсіздік (банкроттық) туралы заңнама. Дәрменсіздік ұғымы мен белгілері. Борышқорға банкроттық жағдайында қолданылатын шаралар.

7 тақырып. Кәсіпкерлік қызметтегі мүліктің құқықтық режимі.

1. Меншік құқығы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың негізі ретінде. Мүлікті шаруашылық басқару құқығы. Кәсіпкерлік қатынастардағы мүлікті оралымды басқару құқығының ерекшеліктері.
2. Мүлік ұғымы. Мүлік құрамы. Мүліктің негізгі түрлері және олардың жіктелуі. Мүлікті есепке алу ережесі.
3. Жылжымайтын мүлік құқықтық режиміндегі ерекшеліктер.
4. Ақша құралдарының құқықтық режимі.
5. Бағалы қағаздар құқықтық режимі.
6. Кәсіпкерлік қызметте шетел валютасын пайдалану тәртібі мен құқықтық режимі.
7. Интеллектуалдық меншік объектілерін шаруашылық айналымға қосу ерекшеліктері.
8. Капиталдардың, қорлардың және резервтердің құқықтық режимі.

8 тақырып. Кәсіпкерлік қызметтің мемлекет тарапынан реттелуі.

1. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу тәсілдері мен нысаны. Мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік қызметке араласу (килігу) шегі мен негіздері.
2. Жекешелендіру. Жекешелендіру объектілері мен субъектілері.
3. Жекешелендіру тәртібі. Жекешелендіру тәсілдері.
4. Жекешелендіру барысындағы мәмілелерді рәсімдеу тәртібі.
5. Нарықтық қатынастарды монополияға қарсы заңнама мен реттелуі.
6. Өнімдер, жұмыстар мен қызметтер сапасын қадағалау. Бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеу.
7. Кәсіпкерлік қызметті салықтық реттеу. Шаруашылық қызметке салықтық ықпал ету мақсаты, қағидалары мен шегі.
8. Кәсіпкерлік қызметке салықтық ықпал ету құралдарының түрлері.

9 тақырып. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы жауапкершілік.

1. Кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне қолданылатын санкция ұғымы мен түрлері. Оны қолдану негіздері.
2. Кәсіпкерлік саласындағы заңнаманы бұзғандығы үшін болатын заңи жауаптылық.
3. Жауаптылықтың түрлері.
4. Жауаптылық негіздері, кәсіпкерлік қатынастардағы жауаптылық ерекшеліктері.
5. Жауаптылықты жүзеге асыру.

10 тақырып. Биржа саласындағы қызметтің құқықтық реттелуі.

1. Биржа және биржалық сауданың ұғымы мен басты белгілері. Биржаның түрлерге жіктелуі.
2. Тауар биржалары. Тауар биржаларындағы сауда. Тауар биржасының функциясы.
3. Қор биржасы.
4. Валюталық биржа.
5. Биржалық мәмілелер ұғымы мен мазмұны.
6. Биржалық мәміле түрлері. Форвардты және фьючерсті мәмілелер. «Спот» мәмілелері. Кепілге қатысты биржалық мәмілелер. Несиеге байланысты мәмілелер. Бартерлік мәмілелер. Шартты мәмілелер.
7. Шұғыл биржалық мәмілелер. Шұғыл биржалық мәмілелер ерекшеліктері.
8. Фьючерсті және опционды мәмілелер. Фьючерсті және опционды мәмілелерді жасасу және орындау. Опциондарды биржалық саудаға салу ерекшеліктері.

11 тақырып. Инвестициялық қызметті құқықтық реттеу.

1. Инвестиция ұғымы мен мазмұны. Инвестиция белгілері. Инвестицияның жіктелуі және оның түрлері.
2. Инвестициялық қызметтің мемлекеттік реттелуі. Инвестициялық қызметтің мемлекеттік реттеудің тәсілдері мен нысаны. Инвестициялық қызметті тікелей мемлекеттік реттеу. Инвестицияны мемлекеттік қолдау. Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуді жетілдірудің мәселелері.
3. Инвестицияны ұлттық құқықпен реттеу. Инвестициялық заңнаманың туындауы мен даму тарихы. Қазақстан Республикасы инвестициялық заңнамасының қалыптасуы мен дамуының басты кезеңдері.
4. Шетелдік инвестицияны халықаралық құқықпен реттеу. Шетелдік инвестицияны екіжақты, аймақтық және көпжақты халықаралық құқықпен реттеу.
5. Мемлекет аралық инвестициялық қарым-қатынастар саласындағы халықаралық ұйымдар.
6. Трансұлттық корпорациялар.

12 тақырып. Сыртқы экономикалық қызметтің құқықтық реттелуі.

1. Сыртқы экономикалық қызметтің ұғымы.
2. Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы.
3. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілері.
4. Сыртқы экономикалық шарт (ұғымы, белгілері және түрлері).
5. Сыртқы экономикалық қызметті валюталық реттеу.
6. Сыртқы экономикалық қызметті кедендік реттеу.
7. Сыртқы экономикалық қызметті салықтық реттеу.

13 тақырып. Кәсіпкерлік шарттар.

1. Кәсіпкерлік шарт ұғымы мен белгілері. Шартты құқықтық реттеу. Шарт құрылымы. Кәсіпкерлік шарт функциясы. Кәсіпкерлік шарт мазмұны мен нысаны.
2. Кәсіпкерлік шартты жасау тәртібі.
3. Кәсіпкерлік шартты өзгерту және бұзу.
4. Шаруашылық байланыстарды ұйымдастыру.
5. Тараптардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысындағы шарттық міндеттемелерді орындау ерекшеліктері.
6. Міндеттемені орындауды қамтамасыз ету тәсілдері.

14 тақырып. Кәсіпкерлік шарт түрлері.

1. Экономикалық салалар бойынша кәсіпкерлік шарттардың жіктелуі. Мүліктік және ұйымдастырушылық кәсіпкерлік шарттар.
2. Жер қойнауын пайдалану саласындағы кәсіпкерлік шарттар.
3. Жер қойнауын пайдалану саласын шарттық реттеудің туындау және даму тарихы. Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдалануға байланысты жасалған алғашқы шарттар. Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдалануға байланысты бүгінгі таңдағы контрактілер.
4. Жер қойнауын пайдалануға қатысты кәсіпкерлік шарттардың ұғымы мен белгілері.
5. Жер қойнауын пайдалануға қатысты кәсіпкерлік шарттардың мазмұны мен тараптары.
6. Жер қойнауын пайдалануға қатысты кәсіпкерлік шарттардың түрлері және олардың сипаттамалары.

15 апта. Кәсіпкерлер құқығын қорғау мен шаруашылық дауларды шешу.

1. Кәсіпкерлер құқығын қорғау ұғымы. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің қорғану құқығы. Қорғану тәсілдері мен органдары. Тікелей қорғану (өзін-өзі қорғау). Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің заңи мүдделері мен құқықтарын сот тәртібі арқылы қорғау.
2. Нарық жағдайындағы шаруашылық даулардың мазмұны.
3. Шаруашылық дауларды қарауды реттейтін актілер жүйесі. Шаруашылық дауларды сотқа дейінгі шешу механизмі.
4. Шаруашылық дауларды халықаралық коммерциялық арбитражда қараудың жалпы сипаттамасы.
5. Шаруашылық дауларды аралық сотта қараудың жалпы сипаттамасы.
6. Фирманың ішкі дауларын қарау тәртібі.

Ұсынылғын әдебиеттер тізімі

А.Негізгі әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл.өзгертулер мен толықтыруларымен бірге. Эл.база «adilet.kz»,2021ж.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі., эл.база «adilet.kz»,2022ж.

3. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 2015ж. // Эл.база «adilet.kz»,2022ж

4. Субъекты гражданского права и реформа системы юридических лиц: мат. межд-науч-практич конф./ отв. ред. С.П.Мороз.-Алматы, 2021.-276с

5. Е. М. Михайленко. - 2-е изд., перераб. и доп. - Москва : Издательство Юрайт, 2020. - 413 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Амирханова И.В. Романкова В.А. Предпринимательское право.-Алматы, 2011

Эл.база «adilet.kz»,2021ж

Интернет-ресурстар: пән бойынша қосымша оқу материалы, сондай-ақ деректер базалар жүйесі үшін құжаттама, үй тапсырмасын, жобаларды орындау үшін пайдаланылатын, univer.kaznu.kz. сайтының бетіндегі ПОӘК бөлімінде қол жетімді болады. <http://www.Adilet.zan.kz>, <http://almaty-otary.kz/vystuplenie--a.-zhanabilovoy---pred>, <http://www.gov.ru/node/254>